

**Кеңес төрағасы Б.Қ. Байбектің
Жалпы Жиналыста сөйлеген сөзі,
23 сәуір 2011 ж.**

2001 жылғы 30 наурызда 16 бастамашыл болашақтықтар Президенттік стипендиясының түлектері ұйымының құрылтайшылары болды. Ресми тіркеуді 2001 жылы 8 мамырда өткізді және «Болашақ» қауымдастығы өзінің қызметін бастады.

Бүгін біз оларға алғысымызды білдіреміз!

Ғабидолла Әбдірахымовтың басшылық жасауымен ұйым өзіне болашақтықтардың мүдделері мен құқықтарын қорғау, оларды біріктіру және бір қанаттың астына топтастыру жауапкершілігін алды.

2003 ж. Қауымдастық республикалық телеарналарында жастарды халықаралық білімнің мүмкіндіктері туралы хабардар етуге бағытталған «Болашақ – келешектің білімі» хабарлары циклын ұйымдастырды.

2005 жылы Қауымдастықтың бірінші сайты әзірленді және ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерінің бірінші Конгрессін өткізді. 2006 – 2007 жылдары түлектерді жұмысқа орналастыруға, олардың қол жеткізген жетістіктерін көрсетуге және «Болашақ» бағдарламасына қатысу үшін жаңа үміткерлер тартуға бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылды. 2004 және 2008 жылдары «Болашақ» бағдарламасының 10 және 15 жылдығына арналған кітаптар шығарылды.

2008 жыл Қауымдастықтың дамуы үшін өзгерісті жыл болды.

30 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Болашақ» стипендиаттарының екінші Форумы өткізілді. Президент жаңа:

- стипендиаттарды іріктеу үдерісін бақылауды күшейту және стипендиаттарға жетекшілік жасауды енгізу,

- түлектердің зияткерлік және ұйымдастырушылық әлеуетін шоғырландыру, веб-порталын жасау,

- өзекті мәселелер бойынша кең пікірталастар өткізу және қазақстандық жастардың болашақтықтар білімі трансфертін қамтамасыз ету;

- қазақстандық және шетелдік қоғамдық және сараптамалық ұйымдарымен іскерлік байланыстар орнату,

- түлектердің жұмысқа орналасуы мәселесімен айналысу **міндеттерін атап көрсетті** .

Бұл міндеттерді іске асыру үшін ресурстарды институционалдық және ұйымдастырушылық күшейту талап етілді.

2008 ж. Қауымдастық қайта тіркеуден өтті. Жалпы Жиналыс жаңа Жарғы қабылдады, ашық сайлау жолымен ендігі бағдарлама түлектері атанған 15 адамнан тұратын Кеңес сайланды.

Тексеру комиссиясының құрамы бекітілді, оған алғашында 7 түлек - экономистер мен басқарушылар, аудиторлар кірді.

Жаңа Жарғымен бірге Қауымдастықтың жұмысына басқарудың корпоративті қағидаттары енгізілді.

Қазір Қауымдастықта шамамен 300 адам бар – бұлар өз үлестерін ортақ іске, біздің Қауымдастығымызды дамыту ісіне, елдің дамуына қосуға берік сенімді адамдар.

Бүгін жалпы шешіммен біз тағы да өз Өтініштерін берген және 2010 жылғы 6 қарашадан - Кеңестің соңғы отырысынан бері біздің шешімімізді күткен 69 адамды қабылдаймыз.

Біздің 60%-дан астамымыз Астанада, төрттен бірі Алматыда 15% өңірлерде.*

Қазір біздің филиалдарымыз Алматы, Өскемен, Орал қ. тұрақты негізде жұмыс істеуде, Көкшетауда филиалымыз жұмысын бастамақ. «Болашақ» қауымдастығының корпоративті қоры бекітілді.

Құрамында 26 адам бар Атқарушы хатшылығы қалыптастырылды, соның ішінде 14 адам филиалдарда, қорларда жұмыс істейді. Қауымдастық құрған жұмыс орны 10 есе өсті. Атқарушы органдарының жұмысы материалдық-техникалық базасымен (кеңселер, ұйымд.техника, құралдар мен материалдар) қамтамасыз етілді.

Ребрендинг жүргізілді, Қауымдастықтың жаңа логотипіне тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 280 атауы бойынша Тауарлық белгісі алынды.

Барлығы 10 жыл ішінде 200-ден астам іс-шара өткізілді, 2008 жылдан бері – 160 (80%).

Іс-шараларды өткізуге арналған шығыстар бюджеттің 60%-дан астамын құрайды. Ағымдағы жылы іс-шараларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, іссапарлық және өзге де шығыстарға 20 млн. теңгеден астам жұмсалған.

Мысалы, Форумдар өткізуге, Халықаралық Бағдарламалар Орталығынан тартылған ресурстарды есепке алмағанда, 3,8 млн. теңгеден астам жұмсалған.

Өңірлерде "Болашақ жастар үшін" алты білім семинарын өткізу жөніндегі тікелей шығындар 5,8 млн. теңгеден астам құрады.

Балалар үйіне бір сапар, ірі сыйлықтарды есепке алмағанда, кемінде 150 мың теңге тұрады, тұтастай алғанда қайырымдылық іс-шараларына жалпы қосқанда 2,5 млн. теңгеден астам жұмсалды.

Функционалы, мультикассасы және блог платформасы бар жаңа сайт әзірлеу 2 млн. теңгені құрады.

Бұл ретте Қауымдастық сараптамалық қызметтерден айтарлықтай үнемдейді – сөз сөйлейтін дәріскерлердің, модельдерді жүргізушілердің ешқайсысы да, гонорар алмайды, тек іссапарлық шығыстары ғана төленеді. Біздің сарапшыларымыз Қазақстанның барлық өңірлеріне барып шықты, сөз сөйлеп және өңірлердегі балалардың инновациялық жобаларын бағалай отырып, семинарларда толық екі күннен болды.

Алматы қ. Кеңес үлкен жұмыс жүргізеді.

Филиал жұмысының әкімшіліктік қамтамасыз етілуіне 10 млн. теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек тартылды. Биылғы жылы филиал, Алматы қ. жастар саясатын дамыту қорының тапсырысы бойынша іс-шараларды өткізуге 1 млн. теңге астам шығын жұмсай отырып, Наурыз мерекесін және көшпелі көрме өткізді.

Кеңестің сарапшылары қоғамдық негізде жұмыс істейді – Дәуіржан Ауғамбай Еуразия Университетінің "Жас маман" студенттер экономикалық бюросының тәжірибесі бойынша әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университетінің қабырғасында «Жас ұрпақ» студенттер бюросын құрды. Арман Ыдырысов Астана қ. үлкен Форум өткізді, оның аясында Қауымдастық гуманитарлық секциясында өз жұмысының тұсауын кесті.

Өскеменде көрме өтті, болашақтықтардың кездесулері тұрақты өткізіледі. Филиалдың күш-жігерімен облыс әкімінің қатысуымен түлектердің кездесуі өткізілді – нәтижесінде 30 шақты бала өз өңірінде жұмыс тапты.

Ротация шеңберінде болашақтықтар Диас Жәнібеков, Бахыт Есімова, Жанболат Боқанов, Ерлан Әукенов және басқалары өңірлерге жұмыс істеуге кетті.

Жалпы алғанда қауымдастықтың 10 жылғы жұмысы ішінде болашақтықтардың имиджі қоржынына қосылатын 415-тен астам ақпараттық материал шықты, соның ішінде 212 мақала баспа басылымдарында, 67 ТВ сюжеті, 136 жарияланым ақпараттық агенттіктерінде. Бұл ретте материалдардың 80% жұмыстың соңғы 3 жылы ішінде шықты.

Ақырында жаңа www.bolashak.kz сайтыіске қосылды, 1 сәуірден бастап оған шамамен 200 адам тіркелді, біз қазірдің өзінде оның жұмысы туралы оңды үнқатулар естіп жүрміз.

Сіздердің көпшіліктеріңіз бүгінгі кездесуге қатысатындықтарын сайт арқылы растады.

Ескі сайтқа енудің орташа күн сайынғы көрсеткіші бір күнде 500 бірегей кіруді құрады, орташа айлық - 20 000 енуші. Біз жаңа сайттың осы көрсеткіштерді еселеп арттыратынына сенімдіміз.

Қазірдің өзінде, аңдатпалаусыз-ақ, бізге 1 500-ден астам адам кіріп шықты (3-қосымша). Порталдың қызметіне «Болашақ» бірегей Блог-платформасы енгізілді, 14 адам қазірдің өзінде өздерінің блогтарын жүргізуде.

Бүгінде, біздің алаңымызбен таныс еместерге, біз осы жерде сайттың таныстырылымын жасай аламыз.

2009 жылы «Болашақ» қауымдастығы өзінің еңбектері үшін, 2009 жылғы таңдаулы жастар ұйымы ретінде «Жастар» қоғамдық сыйлығымен аталып өткен болатын.

2009 жылы «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі» қоғамдық комиссиясының шешімі бойынша Қауымдастықтың жобалары Мәдениет министрлігінің мемәлеуметтапсырысы аясында ең табысты деп танылды және басқа ҰЕҰ қызметіне енгізу үшін ұсынылды.

2010 жылы Қауымдастық атқарушы директор атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын ала отырып, азаматтық қоғамның дамуына қосқан өзінің қолдан келер үлесімен танылды.

Біз өз жұмысымызды жалғастырамыз.

Қауымдастықтың 2011 жылғы өзекті жобалары болады:

• Мемлекет басшысының қатысуымен болашақтықтардың және үздіктердің Форумы;

- «Көліктер» жобасы;
- «Байқоңыр» қоғамдық қабылдауы;
- «Болашақ үшін» фильмі;
- «Болашақ - жастар үшін» инновациялық семинарлары;
- «Болашақтың сабақтары» ашық дәрістері.

Сондай-ақ біз Сараптамалық алаңдарының өз жұмысын жалғастыратынына және кеңейтетініне сенеміз.

Мемлекеттік тілді, қолданыстағы құқықтарды, халықаралық қатынастарды дамыту мәселелері жөніндегі сараптамалық топтар тиімділігін көрсетті, олар өзекті проблемалар мен міндеттерді шешу жолдарын, соның ішінде жалпыұлттық "Зияткер ұлт 2020" жобасын талқылауға және әзірлеуге болашақтықтарды тартуға мүмкіндік берді.

IT-мамандар мен журналистердің ресми емес кездесулері тұрақты өткізіледі.

Өңірлерде жастармен жұмысты кеңейту қажет. Бұл орайда біз өзіміздің филиалдарымыздың жұмысына сенім артамыз.

Қазірдің өзінде медицина қызметкерлерінің (К. Төсекбаев), кәсіпкерлердің (Д. Жәнібеков, Орал қ.) топтарын құру жөнінен бастамалар айтылды.